



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы Шөкевтің Созақ ауданының тұрғындарымен кездесуі 2022 жылғы 27 сәуірде сағат 11.00-де Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, “Ту тұғыры” алаңында өтеді, сонымен қатар, облыс әкімінің жеке қабылдауы 2022 жылғы 27 сәуірде сағат 12.00-де Шолаққорған ауылы, С.Қожанов атындағы аудандық тарихи-өлкетану музейінде өтеді.



Қабылдауға алдын-ала жазылу 8(72533) 5-98-99 байланыс телефоны және t.akimat@ontustik.gov.kz электронды почта арқылы 2022 жылғы 26 сәуірге дейін сағат 9-00 ден 19-00 аралығында (түскі үзіліс сағат 13.00-15.00 дейін) жүргізіледі. Тиісті мекемелердің қатысуын қамтамасыз ету және кері байланыс орнату мақсатында өтініш берушінің аты-тегі, сұрақтың мәні, мекен-жайы, байланыс телефоны және электронды почта (бар болған жағдайда) нақты көрсетілуі қажет.

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА!

В рамках реализации Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года №826 “О проведении встреч акимов с населением” 27 апреля 2022 года в 11-00 часов в селе Шолаққорған, улица С.Кожанова на площади “Ту тұғыры” состоится встреча акима Туркестанской области Шукеева Умирзака Естаевича с жителями Созақского района, вместе с тем, в историко-краеведческом музее имени С.Кожанова в селе Шолаққорған. 27 апреля 2022 года в 12-00 часов аким области проведет личный прием жителей района.

Предварительная запись на прием производится по телефону 8(72533)5-98-99 и через электронную почту t.akimat@ontustik.gov.kz с 9:00 часов 19:00 часов (обеденный перерыв с 13.00 часов до 15.00 часов) до 26 апреля 2022 года.

Для обеспечения участия соответствующих учреждений и обратной связи необходимо точно изложить Ф.И.О заявителя, поднимаемый вопрос, указать адрес, телефон и электронную почту (при наличии).

Мемлекет басшысы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовті қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жолдауда берілген тапсырмаларының орындалу барысы, министрліктің білім және ғылым жүйесін жақсартуға бағытталған бастамалары жөнінде баяндалды.



Мемлекет басшысы Асхат Аймағамбетовті қабылдады

Президентке балалар құқықтарының бұзылу фактілерін азайту үшін жекеменшік балабақшалардың жауапкершілігін арттыруға және мектеп бағдарламалары мен оқулықтарды әзірлеудің жаңа тәсілдеріне қатысты ұсыныстар берілді.

Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмалары аясында «Ғылым туралы» Заңға өзгертулер енгізілген. Енді тарих, қазақ тілі, философия, археология, математика, шығыстану және басқа да салалар бойынша

ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген 4 мыңнан астам ғалым тұрақты еңбекақы алады. Ғылыми жобаларды қаржыландыру мерзімі бұрынғы 3 жылдан 5 жылға дейін созылды. Жас ғалымдарды қолдау үшін постдокторантураға мың грант бөлінді. Арнайы конкурстар басталды. Соның аясында 2 мыңнан астам жас ғалым 17 миллиард теңгенің грантын алды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ғалымдардың әлеуетін арттыру шаралары қабылданды. Жыл сайын 500 отандық маман республикалық бюджет есебінен

әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтеді.

Министрдің есебін тыңдаған Президент мектептегі білім беру сапасы мен мұғалімдердің мәртебесін арттыру жөніндегі мақсатты жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы жоғары оқу орындарына лицензия беру тәртібін жетілдіру және іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізетін институттарды қолдау қажет деп санайды.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

«Түркістан-түркі әлемінің жүрегі»



Түркістан қаласындағы «Керуен сарай» көпсалалы кешенінде облыстың аудан, қалаларының «Түркістан – түркі әлемінің жүрегі» атты мәдениет күндері басталды. Алғаш болып Түркістан қаласына тоғыз жолдың тора-

бы саналған Арыс қаласының керуені келді. Бүгіннен бастап үш күн бойы тұрғындар мен қала қонақтары Арыс қаласы өнерпаздарының концерттерін, қолөнер шеберлерінің көрмесін, ұлттық спорттық ойындарды тамашалайтын болады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдас-тырылады.

Алдағы уақытта әр апта сайын облыс орталығында аудан, қалалардың мәдениет күндері өтіп тұрады. Түркістан қаласына келген туристер мен қала тұрғындарына демалыс күндері рухани азық, көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған бұл шара шілде айының соңына дейін жалғасатын болады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

«AMANAT» партиясы

Партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті

“AMANAT” партиясы Созақ аудандық филиалында 2022 жылдың 12 сәуір күні Партиялық Бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев, аудандық мәслихат депутаты ретінде бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес кезекті отырыс өткізді. Отырыстың күн тәртібінде партиялық бақылау комиссиясының 2022 жылдың ІҮ тоқсанына арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп, жаңа құрамының жобасы таныстырылды. Сондай-ақ, отырыс барысында Жар-төбе ауыл округіндегі мемлекеттік, салалық, өңірлік бағдарламалардың орындалуы бойынша ауыл округінің әкімі Болат Есенқабалдың есебі тыңдалды. Есеп беру барысында ұсыныстар айтылып, ауыл округі



әкіміне комиссия мүшелері тарапынан сұрақтар қойылып, тиісті жауап-

тар алынды. Атап айтар болсақ, комиссия мүшесі М.Қарғабай киелі

отырыстарға, оның ішінде Ысқақ Баб кесенесіне қатысты туризм саласын дамыту және оның жолдары туралы ұсынысын айтса, Г.Есмұратова «Жұлдыз» бөбекжай- балабақшасының бүгінгі жай-күйі туралы, Ж.Төлепбергенов асыл тұқымды малдарды асылдандыру, Б.Нұрланов көктемгі мезгілде мал тоқыту, Г.Алимибекова ауыл округті көгалдандыру мәселелері бойынша өз сауалдарын жолдап, тиісті жауаптар алды. Комиссия отырысында қосымша көтерілген мәселелер бойынша алдағы өтетін кеңес отырысында тиісті жергілікті бөлім басшыларын шақыртып ұсыныстарын жеткізетін болды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Сызған ауылдық округі әкімі Нұртан Хайырқұл Мейірбекұлының 2022 жылдың I тоқсанында атқарылған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы Қайнар ауылындағы есебі өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жиналысты ауылдық округі әкімі Х.Нұртан ашып, жүргізіп 2022 жылдың I-тоқсанында атқарылған жұмыстар және алда тұрған міндеттер туралы шағын хабарлама жасады. Хайырқұл Мейірбекұлы өз хабарламасында салалар бойынша атқарылған жұмыс-



мекеніне қоқыс қалдықтарын тастайтын арнайы орын белгілеуді сұрады. Ал ауыл тұрғыны Мұхамеджанов Бахадүр ауылдағы көшелерге тас жол төсеуге өндіріс орындарынан арнайы техника берілсе деген өтініштерін айтты.

Жиналысты ауылдық округ әкімі Х.Нұртан қорытындылап, жиын бырасында қойылған сұрақтарға байланысты, сәйкесінше тиісті жауаптар айтып, түсіндіріп өтті.

Жиын соңында ауыл биі Көпенов Медеу ауылдық округ әкімі Нұртан Хайырқұл Мейірбекұлына ал-

Сұрақ-жауап форматында өтті

ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығын іске асыру аясында аудан әкімдігінің кестесі бекітіліп, кесте жергілікті «Созақ үні» газетіне жарияланған болатын. Кестеге сәйкес 2022 жыл 7 наурыз күні сағат 11:00 де Қызыл-

Ауызбіршіліктің алар асуы мол

тарға талдау жасай келіп, жіберілген кемшіліктерді талдап, оның себептеріне тоқталды. Сонымен қатар, алда тұрған мәселелерге халықтың назарын аудар-

ды. Есепті жиында ауыл тұрғындары Көпенов Медеу маңайындағы мал жайылымындағы дала шөбін ормау, екіншіден Мардаңдағы бұлақтың суын тұрғындарға үй іргелік

егістігін суғаруға беру, сондай-ақ арнайы суды кезегімен реттеп беретін суға жауапты, су мұрап жалдасақ деген ұсынысын айтса, зейнеткер Жүнісов Құдайберген Қайнар елді

дағы уақытта атқаратын жұмыстарына сәттілік тілеп, ауыл тұрғындарын ауызбіршілік пен жұмыла жұмыс жасауға шақырды.



Жергілікті тұрғындармен кездесті

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығында барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерді тыңдайды. Осы Жарлыққа сәйкес Қаратау ауылдық округінің әкімі Оразхан Ермахан Ақсүмбе ауылындағы клубта Ақсүмбе жұртшылығымен кездесіп, өзекті мәселелері мен ұсыныстарын тыңдады. Кездесу барысында, Оразхан Нысанбекұлы ауылдық округте атқарылған жұмыстар жөнінде баяндап, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағдарының негізгі бағыттары туралы тоқталып кетті.

Кездесуде айтылған мәселелер келсек, Ақсүмбе елді ме-



кеніне 1 көшеге асфальт төсеу жұмыстары; -С.Қожанов атындағы жалпы орта мектебінің пайдалануға беру мерзімі; -Тазалық мәселесі. Кездесуде ауыл әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар берді. Сонымен қатар, есеп беру жиынының соңында ауыл басшысы Ақсүмбе ауылының тұрғындарын жеке өтініштері бойынша да арнайы жеке қабылдау өткізді. Қабылдауға кірген тұрғындардың әрбір өтініштері мен көтерген мәселелері назарға алынып, заңға сәйкес оң шешімін табатындығын жеткізді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ауыл жұртына есеп берді

Қарақұр ауылдық округі, Раң елді мекенінде Қарақұр ауылдық округі әкімі Жәмиев Ордабек Мырзабекұлы елді мекен тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударатын, проблемалық мәселелерді шешудің жолдарын түсіндіру, елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, жергілікті атқарушы органдардың



ашықтығын, жауапкершілігін, есептілігін арттыру болып табылатынын айтты.

Сондай-ақ, жыл басындағы округ әкімінің есеп беру жиынында айтылған 12 ұсыныс-пікірлердің орындалу барысына тоқталып өтті.

Атап айтсақ, ауыз су жүйесі, электр желісі, елді мекенге үй іргелік су жеткізу, Қарақұр өндірістік кооперативі меншігіндегі Раң каналын коммуналдық меншікке қайтару, ЖШС «Central Asia Mining CO» компаниясы тарапынан іздеу барлау жұмыстары кезінде жүргізілген қазбаларды қайта қалпына келтіру жұмыстарының (рекультивация) жүргізілуіне ықпал ету, ішкі жолдарды асфальттау, көшелерді жарықтандыру, кен алу кезінде қолданылатын заттардың экологияға әсері туралы ұсыныстар айтылған.

Оның ішінде елді мекендегі жолға асфальт төсеу үшін Созақ ауданы әкімдігінің ТҮКШ ЖК және АЖ бөлімі тарапынан және көшелерге жарықтандыру орнату үшін, округ әкімдігі тарапынан ЖСҚ жасалып, бюджетке өтінім берілсе, өндіріс кезіндегі қазбаларды қайта қалпына келтіру жұмыстары кезең-кезеңмен жүргізілуде. Сондай-ақ кен алудың қоршаған ортаға зияндығын анықтау үшін, аудан әкімдігі тарапынан экология мамандары шақыртылып, сынама-лар алынды.

Кездесу барысында барлық сұрақтарға жан-жақты жауап беріліп, ұсыныстар назарға алынды.



көл елді мекені тұрғындарына ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлының 2022 жылдың I-тоқсан қорытындысымен атқарылған жұмыстарымен алда тұрған міндеттер туралы есеп беру жиналысы өтті.

Жиналысқа ауыл тұрғындары, зейнеткерлер, мекеме басшылары, барлығы 47 адам қатысты. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы қысқаша баяндама жасады.

Ауылдық округі әкімі Ф.Пәрдебекұлы өзінің хабарламасында 2022 жылдың I-тоқсан қорытындысымен атқарылған жұмыстар мен алда тұрған міндеттер туралы түсіндірді. Жиналыс сұрақ-жауап форматында өтті. Қызылкөл елді мекені Қ.Төлеуұлы көшесіне асфальт жол салуға аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне ұсыныс берілді және осы көшеге жарықтандыру құрылысын жүргізу үшін сметасы жасалып бюджеттік комиссияға ұсынылды. Қаржы қаралса, жарықтандыру жұмыстары жүргізілетін болады. «Қайрат» бала-бақшасы ғимаратына қосымша жай салуға сметалық құжаты жасалуда, алдағы уақытта демушшілерге ұсыныс жасалады. Үшбас каналын жөндеуге «Қазсушар» РМК Түркістан филиалы Созақ ауданы өндірістік бөлімшесінің басшысы Қ.Тастыбаевқа ұсыныс берілді. М.Әуезов шағын жинақтық орта мектебіне шеберхана мен акт залы құрылысын жүргізуге аудандық білім бөліміне ұсыныс енгізілді. Қызылкөл елді мекенінің орталық көшесінен балалар ойын алаңшасын салуға жері анықталып, сметалық құжаттар әзірленеді.

Ауыл тұрғындарының жиналыс барысында жолдаған ұсыныс пікірлері бойынша іске асыруға арналған іс-шаралар жоспарын түзіп, жүйелі жұмыстар алдағы уақытта жасалатын болады.

Заманауи көзқарастағы республикалық жиын



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты биылғы жылдың басты құжатында «Біздің мұратымыз—Жаңа Қазақстанды құру. ...Біз келешегіміз кемел бола-рына және жарқын болашақты өз қолымызбен жасай алатынымызға сенеміз. Адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады. Мен жаңа Қазақстанның осындай ел болғанын қалаймын» деген болатын. Бұл негізгі бағыт бүгінгі өзекті де өміршең сауалдарға толы білім саласына да тікелей қатысты.

Өткен аптаның сенбісі күні Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәдениет сарайында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірінші



вице-министрі Ш.Каринованың қатысуымен «Географиялық білім берудегі озық ой және заманауи көзқарас» тақырыбында өткен география пәні мұғалімдерінің республикалық съезі осы Жолдауға саяды. Съезде «Жоғары оқу орындарында география мұғалімдерін даярлау жүйесі: жағдайы мен проблемалары» тақырыбында география ғылымдарының докторы, профессор Күләш Қаймұлдинова, «Географиялық білім берудің тұжырымдамасы» тақырыбында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің география пәні оқытушысы, PhD А.Жақыпов, «Қазіргі мектепте географияны оқытудың жағдайы, мәселелері мен болашағы» тақырыбында тақырыбында география пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Ә.Жұмабаева, «Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көр-

Съезден үлкен әсермен оралдым

Себебі, біріншіден республикалық жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Екіншіден, география саласы үшін өзекті мәселелердің бірі оқулықтарды қайта қарау әрекеттері жан-жақты талданды. Съезде Қазақстанның физикалық географиясы, әлеуметтік-экономикалық географиясы оқулығының жана-шыры Ерназарова Ұлжалғас ханым қазіргі оқулықтардың оққы тұстарына тоқталды.

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау жағдайы, проблемалары, ұсыныстар аясында. Мектептегі білім алушылардың білімін ағымдық бақылау бағалау критерилері мен қорытынды аттестаттау мәселесі сөз болды. Мен өз таңдауыма орай «Мектепте туристік-өлкетанушылық, экологиялық және ғылыми-жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру секция жұмысына қатысып үлкен әсер алдым. Текелі қаласы №21 орта мектебі КММ-сі Молбаев Бақытжан Қайратұлының «Оқушыларды туристік өлкетану іс-әрекеті арқылы қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу» іс-шара жоспары қызықтырды. Бақытжан өлкетану жұмыстарын Республика көлемінде жариялап отырған ұстаз екенін көрсетті. Осы мәселе Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан өңірлерінде жоғары жолға қойылғаны мәлім болды.

Мен тарихи мәдени мұраларға бай, өлкеміздің қасиетті киелі өңірін, табиғи қорлары мен өзіндік ерекшеліктерін алдағы уақытта жарыққа шығаруға белді бекем буып оралдым. Біздің өз өлкемізді республикаға танытар мүмкіндігіміз бар. Болашақта өлкетану, туризм салаларының жүйелі жұмыс жасауы қадағаланса. Өз өлкеміздің тарихи мұралары мен табиғи жағдайлары оқушы назарында болып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының шынайы қолға алынуына жол ашар еді.

Сәуле ЕРМАНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.
Республикалық съезд делегаты.

сету: жағдайы, проблемалары, ұсыныстар» тақырыбында Нұр-Сұлтан қаласының география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші К.Балғынбаева баяндама жасады.

Сондай-ақ, аталған басқосуға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері, әдіскерлер мен педагогтер, жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледж оқытушылары, біліктілікті арттыру институтының мамандары, барлығы 350-ден аса делегат қатысты.

Съезде төрт секция алаңы ұйымдастырылып, сол секциялар аясында географияны оқыту мазмұны, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМББС), үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары, оқулықтар және оқу әдістемелік кешендер (ОӘК), білім алушылардың оқу жетістігін бағалау, мектепте туристік-өлкетанушылық, экологиялық және ғылыми-жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру, республикада география пәні мұғалімдерін даярлау, кәсіби біліктілігін арттыру, аттестаттау жағдайы талқыланды. Сонымен қоса, географияны оқыту мазмұны, үлгілік оқу жоспарлары, үлгілік оқу бағдарламалары, оқулықтар және ОӘК, білім алушылардың оқу жетістігін бағалау жағдайы, мектепте туристік-өлкетанушылық, экологиялық және ғылыми-жобалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру; география пәні мұғалімдерін даярлау, кәсіби біліктілігін арттыру төңірегінде өзекті мәселелер қаралды.



Съездің қорытындылау бөлімінде аталған 4-секциялық отырыстың ортақ шешімі мақұлданып, мұғалімдер ұсынған ұсыныстар оң шешімін тапты. Созақ ауданынан съезде делегат ретінде Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі, озат педагог Сәуле Ерманова барып қатысып келді. Іргеміздегі көршілес Түркістан шаһарында осындай дүбірлі шара болып жатқанда жиынға аудан көшін бастап барған Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұралы Тұрдыұлы Айдаров

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірінші вице-министрі Ш.Кариновамен тілдесіп, ең алдымен шалғайда орналасқан киелі де қасиетті Созақ ауданының білім саласындағы оңды істерді, жұмыс жағдайында кездесетін өзекті мәселелерді, сондай-ақ съезд барысында айтылған мұғалімдердің әлеуметтік желілердегі белсенділігі туралы өзінің ойы мен пікірін жеткізді.

Осы орайда Созақ аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы съезден алған әсерімен азкем бөліскен еді.

Жалпы бұл съезд ағартушылық салаға зор серпіліс әкелді. Оның ішінде кешегі екі жылдан астам уақытқа созылған пандемия әсері, әлеуметтік желілердегі сан тарап пікірлер, білім саласына айтылған пікірлер мен ұсыныстарға жауап беретін жиын болды. Бізге-яғни, ұстаздар қауымына істеген еңбегіміздің жемісін көрсете білу басты мақсат. Осы орайда тың ойлар мен ұтымды ұсыныстар съезд мінберінде жан-жақты талқыланды. Тағы да үлкен, тың жауапкершіліктер жүктелді. Қорыта айтқанда съезден үлкен әсер алумен бірге жауапкершілікті міндетімізге алдық. Ол жауапкершілік Қазақстан Республикасының Президенті

айтқандай егемен еліміздің ертеңгі болашағы – бүгінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілерді жаңа Қазақстан-жаңару жолына бағдарлау. Бұл бағыттар мен бағдарлар тек ұстаздар қауымына ғана емес, балабақша, ата-ана, ел ақсақалдары мен барша аудан жұртшылығына жүктелген міндет деп ұғынамыз,- дейді Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұралы Тұрдыұлы.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Көктемнің бір күні-жылға азық

Әзірлік жұмыстарын жасауда

Көгілдір көктемнің екінші айы да ортасына жетті. Шаруа адамы үшін бұл қолайлы кезең. Егіншілер егін егуге қамданса, шопандар мал төлдету науқанына кіріскен. Қырдағы қызу еңбек ауыл адамдарының көңілдерін көтеріп, мерейлерін тасытуда.

Қызылкөл ауылының тұрғыны, жеке шаруа Айдос Алмасұлы көктемгі дала жұмыстарына ерте көктемнен қамданды. Әуелі жеке меншігіндегі техникаларға қосалқы бөлшектер сатып әкелді. Жүк таситын «КАМАЗ» автокөлігін, шөп тайлағыш, орақ оратын техника, тырма тартатын тракторын қайта қарап ақаулы бөлшектерін жаңартты. Көп жылдан бері шөп дайындаумен айналысып келе жатқан азамат алға қойған мақсатты тірлігін атқарып болғанша тыным таппайды. Ерте қамданғанды әдет етіп, дәстүрге айналдырған жас шөп дайындау науқаны кезінде қиналып қалмаудың қамына қазіргі кезден мұқият дайындалып, тиянақты әзірлік жұмыстарын жасауда.



«Әрбір техниканың науқан жұмысында ақаусыз болуы шаруаның сапалы жүргізілуіне әсерін тигізеді. Сондықтан күз мезгілінде дала жұмыстары біте салысымен шаруашылығымыздағы техникаларды жөндеуге қоямыз. Содан қосалқы бөлшектер алып келіп ауыстырамыз. Олардың бірі табылса, енді бірі табыла бермейді. Қазіргі кезде техни-

каның қосалқы бөлшектерінің өзі қымбат. Көбінесе көп уақытымыз соны іздеумен өтеді. Десе де қымбат екен деп қол қусырып қарап отыра беруге болмайды. Қымбат болса да қосалқы бөлшектердің сапалысын алып келуге күш саламыз. Биылғы жылы да дала жұмыстарына дайындықты жылдағы дәстүр бойынша ерте бастадым. Оның үстіне

қыс та қатал болған жоқ. Осы қолайлы, шуақты күндерді пайдаланып техникалардың ақауларын қалыпқа келтірдім. Ауыстыруға қажетті бөлшектерін алмастырдым. Техника сынып қалса, жұмысқа қол байлау болатын рас. Сондықтан өзім жасайтын шаруаның сапалы атқарылғанын қалаймын.

Өткен жылы қуаңшылыққа қарамастан мал азығының мол қорын жасақтауға шаруа қожалығымыз жұмыла кірісіп, ауылдастырымызды қол жетімді бағада шөппен қамтамасыз еттік. Жылдағы дәстүр бойынша үстіміздегі жылы да Көсегенің көкжоны Қарасай, Батпақсу, Арпабұлақ өңірінен мал азығын дайындау жұмыстарын жүргізбекшіміз.

Менімен бірге бауырларым Мерей мен Ерасыл да игілікті іске жұмылдырылған. Екеуі де техниканы сырын жақсы біледі. Біреуі шөп тайлағышта, екіншісі орақта еңбек етеді.

Сайып келгенде ауыл тұрғындарын мал азығымен қамтамасыз етуге барынша күш жұмылдырсақ деп отырмыз, - деді Айдос.

Ел игілігі үшін өнімді еңбек етуге бағыт алып отырған азаматқа еңбектерің еселене берсін деп қоштастық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Ауызашар беріп, қариялардың батасын алды

Бірлік пен ынтымақ бар жерде қашанда жақсы істер жалғасын тауып, көпшіліктің көңілін көкке көтереді. Мерейлерін үстем етеді.

Шолақорған ауылындағы Әйтеке би көшесінің тұрғындары бастама көтеріп игілікті шаралар ұйымдастырып жүрген келіндерге дән риза. Наурыз айында келіндердің бастамасымен көше бойы тұрғындарының басын қосып наурыз көже берілді. Көшеде өткен наурыз тойы мерекесі сән-салтанатымен, ұлттық ойындар ойнаумен, көпшіліктің есінде қалды. Балалар бірін-бірі шаттықты күлкісімен баураса, үлкендер жағы бәтуалы әңгімелерімен жастардың жүрегіне жол тапты.

Ал рамазан айында сол өнегелі шара әрмен қарай жалғасты. Оңдыбаева Ұлбосын, Алшынбекова Майра, Дүйсенова Жазира, Нысанбаева Аягөз, Алшынбаева Кенжекүл, Бұйрабаева Сәуленің ұйымдастыруымен аталған көше тұрғындарына ауызашар берілді. Ауызашарда қариялар салқалы, тәрбиелі, тағылымды әңгімелер айтып, ұйымдастырушыларға баталарын берді.

Ауызбіршіліктері мықты, өнегелі істерге бастамашыл болып жүрген келіндерге көше тұрғындары да ризашылықтарын білдірді.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Кітап-алтын қазына



Созақ аудандық орталық кітапханада оқырмандарға қызмет көрсету бөлімшесінің басшысы Эльмира Бейсеқұлованың ұйымдастыруымен және «Бақ-Нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен биылғы жылдан бастап қолға алынған «Оқитын ұлт» жобасы және балалар жылы деп жариялануына орай кітапхана аясында «Кітап-алтын қазына» атты кітап оқу марафоны өтті.

Әрине марафон алдымен жастар арасындағы оқырман белсенділігінің деңгейін арттыру, үйдегі бос уақытты тиімді пайдалану, кітаптың санасында оқу мен кітап мәдениетінің құндылығы мен маңызы туралы түсінік

қалыптастыру, жастардың шығармашылық белсенділігін қолдау және ынталандыруды мақсат еткені анық. Және шара сол бағытты ұстанды. Марафонға 13-17 жас аралықтарындағы жасөспірімдер жас ерекшеліктеріне қарай үш оқушыдан бір-бір топ болып қатысты. Оқу марафонының шарттарында көрсетілгендей «Мен оқыған бір кітап» - таңдалған кітаптың мазмұны, «Мына кітапты оқуға міндетті түрде кеңес беремін» кітап туралы оқырман пікірі. «Зерек балаларға бізден бір сұрақ...» сұрақ-жауап түрінде өткізілді. Қорытынды шығару кезінде қазылар алқасы шығармашылық топтың жұмыстарының сапасы мен оқу деңгейін бағалап, шынайы қазылық танытты. Марафон барысында бірінші орынды Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» кітабы бойынша Әлен Жібек, Тиышбай Мерей, Мырзаханов Есімхан. Екінші орынды Илияс Есенберлиннің «Қатерлі өкел» кітабы бойынша Айдәрбек Арай, Сатыбалды Балауса, Бурабай Аяулым. Үшінші орынды Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» кітабы бойынша Амангелді Айша, Шамшидин Арайлым, Шамшидин Аяулым иеленді. Аталмыш шара алдағы уақыттарда да жалғасын табатын болады.

Оза шапқан жүйріктерге Абай атамның қара сөздері мен өлеңдері енген бір-бір кітап сыйға тартылды.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 306-бабына сәйкес, сот арыз берушінің заңдық маңызы бар фактілерді куәландыратын тиісті құжаттарды өзге тәртіппен алуы мүмкін болмаған кезде не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде ғана осы фактілерді анықтайды.

Сондай-ақ, сот азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайларда қайтыс болуы жөніндегі заңдық

045 нысанында қайтыс болудың себебі, яғни диагнозы міндетті түрде көрсетілуі тиістігімен, ал диагнозы анықталмаған тұлғаға ол диагнозды жобалап, ойдан көрсетіп анықтама бере алмайтындаймен түсіндіреді.

Бұл ретте азаматтар қайтыс болған туыстарын діни, ұлттық наным-сенімдеріне сай паталогиялық қарауға беруден бас тартады.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 131-бабы 4-бөлігіне сай,

Қайтыс болу фактісін анықтау туралы

маңызы бар фактіні анықтайды.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 268-бабына сай, қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу үшін: 1) медициналық ұйым берген, қайтыс болу туралы белгіленген нысандағы құжат; 2) қайтыс болу фактісін белгілеу туралы немесе адамды қайтыс болды деп жариялау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негіз болып табылады.

Яғни, заңнамада қайтыс болу туралы медициналық құжатты алудың, оның негізінде қайтыс болуды мемлекеттік тіркеудің тәртібі көзделген.

Дегенмен, азаматтар соттан тыс тәртіппен қайтыс болу туралы анықтама ала алмағандықтан, аталған арызбен сотқа жүгінген.

2020 жылы қайтыс болу туралы 366 актілік жазба жасалған, оның ішінде 361 медициналық анықтаманың негізінде, ал 5 сот шешімінің негізінде;

2021 жылы қайтыс болу туралы 374 актілік жазба жасалған, оның ішінде 367 медициналық анықтаманың негізінде, ал 7 сот шешімінің негізінде жасалған.

Мұның жалғыз себебі азаматтардың қайтыс болу туралы медициналық куәлікті ала алмауы болып табылады.

Медицина ұйымдары науқас диспансерлік есепте тұрмаған, үйінде кенеттен қайтыс болған және паталогоанатомиялық қарау жүргізілмеген азаматтардың қайтыс болуы туралы медициналық анықтама беруден бас тартуда. Оның себебін қайтыс болу туралы медициналық куәліктің бекітілген

өлімнің тікелей себебі анықталмаған кезде паталогиялық-анатомиялық диагностика жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының бірінің немесе заңды өкілінің жазбаша келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, туыстарының рұқсатынсыз мәйітті паталогиялық қарауға беруге мүмкіндігі жоқ.

Бұл жағдай Созақ ауданында паталогоанатомның болмауымен қиындай түсуде. Түркістан қаласына паталогоанатомға мәйітті жеткізу халыққа оңай соқпауда.

Сонымен бірге, қайтыс болған азаматтардың туыстарын мәйітті паталогиялық қарауға беріп, дер кезінде қайтыс болу туралы медициналық куәлік алуға ынталандыратын бір норма жұмыс істемей келеді.

Атап айтқанда, Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 1 қарашадағы №43/466-VI шешімімен бекітілген «Түркістан облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту ісін ұйымдастыру қағидасының» 4-тармағына сай, жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болу фактісін тіркейтін органдар берген қайтыс болу туралы куәлік ұсынылғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

Ал қазіргі таңда жерлеу қайтыс болу туралы медициналық анықтама ұсынылмастан жүзеге асырылуда.

Б.САГИНТАЕВ,
Созақ аудандық сотының судьясы.

Құрдастарға

Шығып алып секіретін, төпсөңде,
Мен де келдім сен келдің сексенге.
Әр құрдасым шаршамайсың беріліп,
Бұл өмірде қанша мейлін көрсен де,
Еске алып балалық қиын
шақтардан,
Ер жұмысын аналарымыз атқарған.
Сол кездегі адамдардың пейілінен,
Күніміз жоқ ашқұрсақ боп аш қалған.
Сырғып өмір бір орнында тұрмайды,
Сұм соғыс та бітті әйтеуір сан
қайғы.
Бірақ, бірақ көп жүректе жара бар,
Жақсы білер қайғы жұтқан бұл
жайлы.



Енді міне түзелді өмір, түзелді,
Күнде шықты шуақ шашып бұл елді.
Сен де ата мен де ата бұл кезде.
Тәрбиелейміз немерелерді біз өнді.
Қазағымның жоралғысы дәл келген,
«Бір аштықтың бір тоқтығы бар» деген.
Өмір деген теңіз болса толқыған,
Сол теңізде жүзе берсін әр кемең.

Ауыл әуендері

Гүл едің болып тұрған,
ырғатылған,
Қуантқан пәк көңілдер сырға
тұнған.
Сағым боп кеткенің бе сол бір
кездер,
Өзіңді көрсем деймін қырда
тұрған.

Естілген бағымда әнің,
Ән салсам сағынамын.
Тыңдаған ел де жер де,
Тыңдашы енді сен де.
Қаратаудан алма баудан,
Жүректе жалындады.

Сені мен аңсауменен құр күттім бе,
Әлде мен өкпелетіп үркіттім бе.
Қабағың тұнжыраған неге салқын,
Басқаға айтылмаған сыр бүктің бе.

Сезімдер қайда қалды,
Кезіп жүр айдаланы.



Кетпейтін шындықтан.
Балаңмын сенің бір,
Өзіңді, өзіңді пір тұтқан.

Өркендеп седе өстім
қасыңдамын,
Балаңмын болса дағы шашымда
ағым.
Жауаңдап алыс кетсем
анамдай боп,
Өзіңді көргенімше асығамын.

Ғасырлар куәсін,
Асқақтап тұрасың.
Көненің көзіңдедей,
Тарихи-тарихи мұрасың.

Тарихи-тарихи мұрасың.

Көңілге жаңа әуенді бастадың да,
Жан сезім қалықтайды аспанымда.
Киелі шежіресі туған елдің,
Тарихтың қойнауында дастанында.

Құт мекен тұрағым,
Сенде өскен ұланың,
Қабыл ал арнаған,

Елім аман, жұртым тыныш болсыншы!

Маңдайынан жазылғанын көретін,
Не болса да пендеміз ғой көнетін.
Көргеніңнің бәрі жалған деген ғой,
Көрмегенің арман ғой деп айтқан кім.
Тәубе тәубе шүкіршілік құдайым,
Құдыретіңе қандай теңеу құрайын.
Елім аман, жұртым тыныш болсыншы,
Сен де мен де аман жүрелік ылайым,
Қандай шабыт келе қалған ғайыптан,
Міне қызық құйылып тұр жайықтан.
Ал ағайын саулығыңды тіледім,
Әр қайсыңа шуақ шашып атсын таң!

Өмір - өзен

(Әнетке арналған)

Қазағымның жоралғысы дәл келген,
Бір аштықтың бір тоқтығы бар деген.
Өмір деген теңіз болса толқыған,
Сол теңізден жүзе берсін әр кемең.
Маңдайынан жазылғанын көретін,
Не болса да пендеміз ғой көнетін.
Көргеніңнің бәрі жалған деген ғой,
Көрмегенің арман ғой деп айтқан кім.
Тәубе, тәубе шүкіршілік құдайым,
Құдыретіңе қандай теңеу құрайын.
Елім аман жұртым тыныш болсыншы,
Сен де, мен де аман жүрелік ылайым,
Қандай шабыт қалған ғайыптан,
Мәне қызық құйылып тұр жайықтан.
Ал ағайын саулығыңды тіледім,
Әр қайсыңа шуақ шашып атсын таң!

**Жарылқасын АСАНБАЕВ,
Еңбек ардагері, «Ардақты ардагер»
медалінің иегері.
Сызған ауылы.**

Жақсыларым, жайсаңдарым



«Абай» жолын Әуезовтер жазып
кеткен,
Қаныш атам кен әлемін қазып
кеткен.
Махамбет пен Исатай бабаларым,
Өр ерліктің өзенін кешіп өткен.
Төле би, Әйтеке би, Қазыбектер,
Қазақтың дау дамайын шешіп
кеткен.
Керей менен Хан Жәнібек бабаларым,
Қазағымның тұғырын биіктеткен.
Баба Түкті Шашты Әзіз, Қарабура,
Дін ислам ілімін ғұмырлы еткен.
Ахмет, Міржақып пен Сұлтанбектер,
Қазақ үшін жандарын қиып кеткен.
Бауыржан Момышұлы батыр бабам,

Өр ерліктің түйінін түйіп кеткен.
Мұқағали, Шәмші, Әсет дарындарым,
Ұлы өнердің өшпестей шамын жаққан.
Шұғыла, Шарадайын бишілерім,
Сұлулықтың сырынан үкі таққан.
Жақсыларым, ақ пейіл жайсаңдарым,
Қалдырған ұрпағына мол мұрасың,
Келер ұрпақ бабадан өлмейтұғын,
Ақ бата мен аманат мол сұрасың.
Айта берсем таусылмас қазағымда,
Тарихымның хатын жазған тектілерім.
-Келер ұрпақ аманатқа белеңді түді!
Жолын қу! деп тіледім, тектілердің!

Нүрдәулет ҚОПАБАЕВ.

Сен мені кінәлама,
Көңілімді тия алама.
Асқақ сезім бәрі өзің,
Тек сен деп айналады.

Жолында махаббаттың өзің салған,
Адамда айтылады сезім арман.
Өтсе де қанша жылдар көз алдымда,
Сен маған баяғыдай кезің қалған.

Өмір жол бұраңдаған,
Көңілде мұнар арман.
Қол жетпес биіктегі,
Жүрекке сыйып келді.
Алаңдағам, қарайлағам,
Ән болып арай таңнан.

ДОСТАРҒА

Кетеді көңіл шалқып бос белеңге,
Шабытың шалықтаса қос өлеңге.
Өмірде жарасады әзілдесіп,
Сырласқан қатар-құрбы дос дегенде.

Достар-ау қайдасыңдар,
Көңілдер айдасыңдар.
Сендермен кездескенім,
Жанымды жадыратар пайдасы бар.

Жастық кез өтіп кетті-ау елесімен,
Сендермен ойнап, күліп төл өсіп ем.
Ақ пейіл құрдастарым аман болшы,
Өмірдің талай басып белесінен.

Өлеңді айтып жүрсің
Көңілді байытып жүрсің.
Көп болды көрмегелі,
Ауылға соқпай кетіп, қайтып жүрсің?

Жақынсың жүрегіме жаныма тым,
Сендерді көрмей қалсам сағынатын.
Кәдірін достарыңның біліп жүрсен,
Адамға ұлы сезім табынатын.

Осыны білмейсің бе,
Сөзімді міндегісің бе.
Сағыныш ойнауменен,
Достарды сыртта жүрген іздейсің бе.

ТУҒАН ЕЛ БАБАТА

Нұрға бөлеп ауылым Бабатаны,
Арайланып қырқадан таң атады.
Қайда жүрсем ұлыңа қуат беріп,
Аялаған туған жер алақаны.

Құт мекен тұрағым,
Сенде өскен ұланың.
Қабыл ал арнаған
Өзіңе, өзіңе бұл әнім.

Ысқақ баб тарихың мол сен бір ғалам,
Жыр жазған перзентіңмін мен де балаң.
Алыстан қасиетіне басын иіп,
Өзіне тәу өткен мың мыңдаған.

Жанымды кім ұққан,

Өзіңе-өзіңе бұл әнім. * * *

ҚҰДАЛАРМЕН ҚАУЫШТЫМ

Басты қостық ағайын,
Үлкен тойдың кешінде.
Құда жекжат маңайым,
Бұл да болса несібе.

Шарықтап көңіл жоғары,
Қалықтайды тау үстің.
Бақыт шаттық қонады,
Құдалармен қауыштым.

Жылдам уақыт сезілмей,
Жылдар келер жаңғырып.
Құда таптым өзіңдей,
Баянды болсын мәңгілік.

Сәлем бердік еліне,
Қасиетті Шәуілдір.
Шығарғанда төрне,
Енді бізде ауыл бір.
Жүрген жолда із қалар,
Күндер өтер қаншама.
Іздеп құдаң жүз барар,
Ден сау болса шаршамай.
Елдіреп соғып жүрегің,
Келешекке ұмтылдығың.
Арқа сүйер тірегің,
Құда болдың мың жылдық.

Нәзік көңіл бұралған,
Қанаттанып ұнады.
Дархан пейіл қуанған,
Құдалардың құшағы.
Өмірде өзен тірлікте,
Небір нәрсе өтеді.
Ынтымақ қайда-бірлікте,
Мұратына жетеді.

КӨКТЕМ

Тағы келді жаңғырып,
Жаңа жылдың көктемі.
Жер бетіне жан кіріп,
Өсімдіктер көктемді.

Құстар да салды әніне,
Қуанып шырқап жар салып,
О көктем! жанның бәріне,
Мейірімдісің қаншалық.

Бақыт шаттық өзіңде,
Күліп тұр әне көкте күн.
Бөлейді тәтті сезімге,
Осынау келген көктемім.

Көк жүзінде бұлт тұнып,
Төккелі тұр жауының.
Келеді бәрі құлпырып,
Қаратаудың тауының.

Бір шоғыры тырнаның,
Барады өне тізіліп.
Артынан қарап тұрғаның,
Осынау жерден қызығып.

**Рахматулла БӨЛТЕКБАЙТЕГІ,
Бабата ауылы.**



ҰЛ ДЕГЕН ҰЛТТЫҚ РУХТЫ ОЙЛАСА...

Кеше ғана жапондық кәсіпқой боксшыны тоғызыншы раунда тоқтамға келтірген Кендебайдың ерлігі мен азаматтық болмысына бүкіл әлем таңдай қақты. Отызында орда бұзып, қырық жасында қырқаға шыққан жерлесіміз жеңісті дәмәтіп келген жапондықты жерге қаратты. Қарағандылық жерлесіміз шаршы алаңның шаңын шығарып ғана қоймай азаматтық болмысын танытып қарсыласының иығына шапанын жауып жауласпаққа емес, жақындаспаққа деген ниетін білдірді. Бұл да болса қазақ ұлтының арасында өскендігін, біздің салт-дәстүрімізден хабары мол, құнды ғұрпымыздың ғұмырлы екендігін әлем жұртына әйгілеп берді. Тағы да кеше ғана ұлттық телеарналардың таңғы бағдарламасында Генаға арнайылап тіккен шапанның жай-жапсары туралы, оны тіккен қарындасымыздың қатысуымен тіктіруге тапсырыс берген азамат туралы да шағын әңгіме болды. Соны көріп, осыдан бірнеше жыл бұрынғы отырарлық Әбдімәжит ағамыздың ерен ісін елге тағы да бір паш еткім келді.

Соңғы жылдары есімізді жинап, етегімізді жауып ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді, әдеп-ғұрпымызды түгелдей бастадық. Рас, түрлі басылымдарда «қымызымызды алып қойды, қымыранымызды алып қоймақ ниетте, енді киіз үйімізді, ұлттық ойындарымызды тез арада патенттеп алуымыз керек» деген сияқты шын жанашырлық танытқан елдің ащы дауысы жарияланып жүрді. Айтылып ой-түрткі жасалғанымен осы игілікті істі жүзеге асырудың нақты іс-қимылы жүзеге асқан жоқ. Бірақ ел боламын деген ұлт бесігін түзеу керек деген тәміл бар. Отырардай қасиетті өлкенің өрені, түзу бесіктен шыққан азамат ұлттық құндылыққа деген жанашырлықты іс жүзінде жүзеге асырып, ұлттық шапанымызды бүкіл әлемге танытудың ерекше жолын таңдап, тапты. Ол елімізді дүниенің дөңгелек шарына танытқан атақты жұдырықшы Геннадий Головкинге ісмер қолдардан өткен ұлттық шапанымызды жапқан еді. Осы бір ғана шапанмен қазақ ұлтының айбары мен асқақ рухын әлем-

ге танытты. Енді қай ұлт мына шапан біздікі деп таласып, айта алсын. Геннадидің иығындағы шапанда қазақ ұлтының шексіз бұла күші мен асқақ абыройы, бабалардың ақ батасынан қуат алған қасиетті сезім ұялап тұрғандай, батырымыздың жеңеліне шексіз сендім. Геннадий де шексіз сенгендей сипатта болды. Оның рухты кескіні мен зерлі шапанына көзі түскен қарсыласының жүні жығылып тұрғанын байқадым. Елімізде өткен әлемдік қазақ күресі сайысында да иығына бөрі терісін жамылған, қазақы зерлі шапан киген саңлақтарымыз шыққан сәтінде

анық. Мен наурыз айының отызыншы жұлдызы күні кешкі сағат тоғыздан асқан уақытта хабарластым. Дауысы да жағымды, көп нәрседен хабары бар, білімді, көкірек көзі ашық азамат екенін аңғардым. Әбдімәжит ағаның бітім болмысын, танып білмесем де, әлі тура жүздесіп көрмесемде даусы мен сөйлеген сөзінің өзі оны танып білуіме жеткілікті болды. Кешегі Өзбекәлі Жәнібеков, бүгінгі Иманғали Тасмағанбетов сияқты азаматтар ұлттық салт-дәстүріміздің мәнді мәйегі бола білді. Қазақ киіз үйінің уығын санап көріңдерші сол уықты

сәтте ұлттық құндылықтарымыз ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететіні сөзсіз. Алдағы айтар ойымызға келсек, асық пен ала арқан, ақсүйектен бастап алтыбақанға дейін, киіз үйдің кешеніне кіретін түрлі жасау, жабдықтарымыз әлем алдында толықтай мойындалып шығуы керек. Ол үшін әрбір шет елдік қонақ Астанаға аяқ артып келген сәтінен бастап Астанаға кірмей тұрып арнайы әуежай маңына орналасқан қазақ ауылына аялдап, қазақ киіз үйіне бас сұғып қымызы мен шұбатынан ауыз тиіп мемлекетті тану осы табалдырықтан басталуы керек-ақ сияқты. Осындай

Шапан мен рух

(Ел мақтанышы, атақты боксер Геннадий Головкинге шапан кигізген Отырардың от жүректі ұлына!)

Отырардың от жүректі ұлына,
Қарап тұрмын көк сандықтан қызыға.
Әбдімәжит Сыздықбеков есімі,
Алты Алашқа әйгіленді жуырда.
Арманына асықпасын ер қалай?
Асылымен, батырымен ел де бай.
Қазақ елін жер шарына танытқан,
Кер қолғапты кербез мүсін Кендебай
Әбдімәжит шапан жаптың Кендеге,
Елеңдемес ері үшін ел неге.
Зерделенген көк шапанды оюлы,
Киіп шықты Кенде батыр кермеге
Ұлтын сүйген ұл екенсің сен дағы,
Өздеріңмен өркендейді ел бағы.
Екі ұлыңда ет жүрегі езілген,
Азамат боп өсе берсін елжанды.
Кенде, сенде жоқтаушысы қазақтың,
Монакода болды ғой бір ғажап күн.
Басын иді Монте-Карло мойындап,
Күәсі боп құрлық біткен ғажаптың.
Айшылықтан көрінетін күмбезі,
Нұрын шапқан аралы әсем күн көзі.
Арыстанбап, Иассаудидің ер рухы,
Азан болып тарап жатты үндері.
Өн бойыңда болғаннан соң нар талап,
Шет ел асып шапаныңды арқалап,
Кендебайға жолыққаның бір дастан,

Құрметіңе бас иеді шартарап.
Бірін-бірі батыр дейді өсер ел,
Ақ батамен көркейсінші көсең.
Көк шапаны Отырардың от берсін.
Кенде батыр тек биікке өсе бер!
Құмкентте, Баба Түкті Шашты Әзіз,
Бабатада Ысқақ бап бар өзі аңыз.
Қарабура, Бөкенбай мен Балықшы,
Отырармен екі-үш сағат арамыз.
Бұл шапандар иығында Абайдың,
Алты алашқа туғызғанды талай жыр.
Сондықтан да жігер берер, күш берер,
Отырардың тұмары деп санаймын.
Киелі жер Отырар да, Созақ та,
Өр кеудесі толған сиқыр, ғажапқа.
Екеуі де бір ананы төл емген,
Рух пенен ұлық берген қазаққа!
Шапан деген шекпен емес шенділер,
Жабатұғын анаған да, мынаған.
Құдіретті халық өзі құрметтер,
Лайықты оған мың ішінде бір адам.
Ол адам да болу керек ұлтжанды,
Ұлты үшін шың биіктен құлаған,
Құлауымен бұқараға ұнаған,
Сол себепті шапан құны түспесін,
Алты алаштан тек осыны сұранам!



мен деген ұлт бесігін түзеу керек деген тәміл бар. Отырардай қасиетті өлкенің өрені, түзу бесіктен шыққан азамат ұлттық құндылыққа деген жанашырлықты іс жүзінде жүзеге асырып, ұлттық шапанымызды бүкіл әлемге танытудың ерекше жолын таңдап, тапты. Ол елімізді дүниенің дөңгелек шарына танытқан атақты жұдырықшы Геннадий Головкинге ісмер қолдардан өткен ұлттық шапанымызды жапқан еді. Осы бір ғана шапанмен қазақ ұлтының айбары мен асқақ рухын әлем-

көңіліміз бір марқайып қалған. Қожа Ахмет Иассаудиден бұрын Арыстанбабты ауызға алып, пір тұтқан қазақ үшін бүкіл елдің арманы мен мұрат-мақсатын дәл отырарлық азамат Әбдімәжит Сыздықбаевтың жүзеге асыруы құпия тылсым күштің құдіреті іспетті. Әйтпесе, қазақ жерінде Әбдімәжит сияқты 17 миллион адам бар ғой. Солардың біреуінің басына мұндай тұжырым мен ой кірмеуі таңғаларлық нәрсе екені даусыз. Қазақ болған соң әлі бұл мәселеге де таласатынымыз

рухты азаматтарға еншілесек бірі Қожа Ахмет, Фараби, бірі Керей, бірі Жәнібек, Қазыбек, Төле, Әйтеке, бірі Абай, Мұхтар, бірі Бауыржан, бірі Мұқағали, бірі Өзбекәлі деп жалғасып, ұлы ұлттың шаңырағын көтеріп тұр. Осындай ұлттың ұлылығын паш еткен азаматтар киіз үйдің ішінде ағаш бесіктен шыққандар. Ана әлдіне жұбанып, домбыраның сырлы үнімен өскен ұлылар ғана елдің болашағына алаңдайтыны заңдылық болар. Ал осы заңдылыққа кедергілер пайда болған

ұлттық ауылдар Елдің ордасынан бастап Шымкент, Алматы, Ақтау, Түркістан сияқты негізгі мәйекті қалаларда болуы шарт. Сонда мүмкін санасын өзіміздік улаған арам пиғылды қонақтардың бойындағы дерт осы ұлттық шаңырақтарда маздамай, қауламай жатып өшіп, тынар. Босағасында бықсып басылар. Санасы тазарып елдің босағасын адал ниетпен аттар деген ой туады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 8-700-467-93-23 телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті

XVIII-XIX ғасырлар ширегінде де қазақ қоғамы сыбайлас жемқорлықтан ада бола қоймаса керек-ті. Біз бұған сол кезеңдерде халықтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған, қоғамдық проблемаларды қара сөзбен жеткізген белгілі ақындарымыздың шығармалары арқылы көз жеткіземіз.

Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес жасап жатқан барша ұйым, мекеме, т.б. жұмысына жаңа серпін беру қажет. Жемқорлықпен күрестегі бейқамдық пен әрекетсіздік халық наразылығын тудырушы маңызды факторлар болып табылады. Сонымен, сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қана қоймай, қоғамға мүлде пайда әкелмейтінін естен шығармағанымыз абзал. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әлемнің әр түрлі бөліктерінде әр түрлі деңгейде жүргізіліп отыр. Әлем кеңістігінде сыбайлас жемқорлықпен күресте барлық елдерге бірдей пайда беретін арнайы механизм жоқ.

Жемқорлықпен күресте әр мемлекеттің қолданатын әдіс-тәсілдері ерекше болып келеді.

Осыған орай, біздің елімізде де бірқатар жұмыстар жүргізілуде. 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Стратегияның негізгі мақсаты – мемлекет ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан саясаттың тиімділігін арттыру және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

А.КУЛМЕНОВ,

ҚР ДСМ СЭБК «УСО» ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімше бастығы.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіннің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында және талаптары бұзылған жағдайда, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46) 4-26-74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламаларын қабылдайды.

Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптары беріледі.

Хабарландыру!

ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі №13 мекен жайында, 2022 жылдың сәуір айының 18-ші жұлдызы күні «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

А.КУЛМЕНОВ,
Бөлімше бастығы.

Жарамсыз деп танылсын

Жолдыбаева Балатай Оңдыбайқызының атына берілген С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебін 1985-1986 оқу жылында бітіргендігі туралы аттестаты жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Жұмақтан болсын мекенің...

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан, аудандық кірістер басқармасында талай жыл қажырлы еңбек еткен **Абдрахманов Олжабек Өтемұратұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

**Біздер үшін асқар едің, шын асқақ,
Сенсіз қалды жанымызда шын ақсап.
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,
Кейтің, әке, жанымыздан жырақтап,** - деп,

асыл әкеміз Олжабек Өтемұратұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 23 сәуір күні (22 сәуір – қоңақ асы, ауызашар уақытында) Шолаққорған ауылы, І.Кеңесбаев көшесіндегі №13 үйде, сағат 20:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: Абдрахмановтар әулеті.



Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Жемқорлық-мем-

ті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмы-

жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС-ӘР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

лекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі күресу тәуір болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік мінде-

стар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Еңдеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас

белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты» ММ. Сенім телефоны 872546/23-3-03, 23-3-43.

Айсұлу САЙЛАУОВА,
«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман заңгері.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің организм, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді.Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы злымдықпен күресу болып табылады.«Кез келген мемлекеттік құрылыстағы бас-төңкеріс – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысында да қатты алаңдататыны айқын.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

Алмат АЛТЫБАЕВ,

Аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі.

Тағамнан улануды арттыратын тез бұзылатын тамақ өнімдері тобына жататын ет, балық өнімдері және майонезбен әрленген салаттар. Және де осы топқа жататын десерттер, май және қаймақ кремдерімен әрленген торттар. Бұл өнімдер ауру тудыратын таяқшалардың тез көбеюіне өте ыңғайлы орта болып табылады. Осындай тағамдардың, әсіресе, майонезбен әрленген салаттар

далған рулеттерді дайындау барысында технологиялық өңдеудің талабына сәйкес, қажетті деңгейде қыздырып, пісіру қажет, керісінше, бұл процедураның орындалмауы, тағам арқылы ауру таяқшалары және вирустарымен жұқтыруға ықпал етеді.

Сондықтан, сатылып алынған көкөніс-жемістерді, жүзімдерді мұқият жуып, қолданған жөн. Мамандар шетелден шығарылған алмаларды жу-

Тағамнан уланудан сақ болайық!

дың тоңазытқышта сақталуы 24 сағаттан аспауы тиіс. Егер салаттар әрленбеген болса, оның тоңазытқышта сақталуын 2 тәулікке дейін ұзартуға болады. Алайда, бұл ет, шұжық, жұмыртқа қосылған күрделі салаттарға қатысты емес, күрделі салаттарды әрленбеген күннің өзінде, тоңазытқышта сақталуын бір күннен асырмаған дұрыс. Тамақтан уланудың алдын алу үшін тағамды дайындау және сақтау барысында бірқатар ережелерді сақтау қажет. Егер тағам ет өнімдері мен фарштан жасалса, аталған өнімдерді жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу қажет. Котлет пен еттен дайын-

ып қана емес, қабығын таза-лауды кеңес береді, өйткені қабығындағы зиянды заттар тағамнан улануды болдырмайса да, аллергиялық реакцияға әкелуі әбден мүмкін. Егер тәулік бойы жалпы аурушаңдық жағдай жақсармай, керісінше, дене қызуының көтерілуі, тоқтамай құсу және іш өту белгілері күшейіп, жағдай нашарлай бастаса, бұл жағдайда міндетті түрде дәрігердің көмегіне жүгіну қажет, ал аурудың асқыну жағдайында «жедел жәрдемді» шақырған дұрыс.

Е.ТӨРЕБЕКОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшы м.а.

Тілсіз жауға абай болайық!

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер анаың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Еңдеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Н.КЕЛЕР,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Осы күні жасөспірімдер арасында қылмыс көп, оның себебі неде?

Неге өсіп келе жатқан балаң жастың жүрегі қаталдыққа, қаныперлікке толы? Оның себебін мен әкелер мен аталардың өз биігінде болмауынан көремін. Ата сақалы аузына біткен аталарымыз өз немерелеріне өсиет, өнеге көрсете алды ма? Осы жайтты ойлағанда, есіме өз балалық шағым түседі, өз балаларын тәрбиелеуде әкемнің қаншалықты еңбек сіңіргенін түйсінемін, балалық махаббатпен әкеме рахметімді айтамын. Балалық шаққа оралып, әкемнің барлық әңгімелерін, жасаған тірліктерін есіме түсіремін...

Әкем Балтабек Аймаұраұлы Жартытөбе колхозына қарасты Аққолтық елді мекенінде тұрады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталатын жылдың көктемінде дүниеге келеді. Жастайынан еңбекке араласқан. Үлкеннің алдын кесіп өтпеген, кішінің сөзін жерге тастамаған кісі. Менің әкем бала кезін әңгімелегенде, анасының айтқанын екі етпейтін елгезек, тіл алғыш болғанын, үнемі анасына жаны ашып тұраты-



ата-бабаларың жатыр, ұмытпаңдар, әрі-бері өткенде құран бағыштаңдар деп, айтып көрсететін. Қандай жағдайда да төзімділікпен маңдайымыздан шертпей өсірді, содан болар бесеуімізде анамыздан гөрі әкемізге жақын едік.

Үйде демалыс күні болғанында қолына домбырасын алып, анамызды айтысқа шақыратын, балаларына «кімге жақтасасыңдар, қане, мына шумақтың жалғасын айтып жібер» деп қайрайттын, бесеуімізде әкемізге жақ боламыз деп, анамызды ренжітіп алатынбыз, өкпелеп, «тәркініме кетемін, мені ешқайсысың жақсы көрмейді екенсіңдер» деп, бізге наздана тын. Інім Нұрлан мен сіңлім Ботакөз «екеуіңе де жақ боламыз»-деп анамызды жұбататын.

Әкем ауылдағы жалғыз қранның шофері еді, кейін

генде, ол жігіттің ұйып тыңдағаны сонша, қызыл көпірден Түркістанның жолына бұрылып, кете беріпті. Біраз жерге келіп әңгіме орталанғанда, жан-жағына қараған жігіт «Басқа жолға түсіп кетіпін ғой» деп кері бұрылыпты. Әкем болса, «Түркістанда жұмысы бар шығар, қайдан білейін, сосын ары қарай ауылға баратын шығармыз дедім»-депті, қу тілдене сөйлейтіні барды. Аңғалдығы да бар, кім не айтса да «е, жақсы бопты ғой»-дейтін. Бірде үйге келген кісі әкеме «ана пәленше қайтыс болыпты»-десе, әкем «Е, жақсы бопты ғой»-деп, аузынан шығып кеткен еді. Әрине зілсіз сөз екенін бәрі түсінетін.

Әкеміздің шөптердің емдік қасиеттері туралы, жеміс ағаштарын баптау туралы, рулардың шығу тарихы не хандар батырлар билер заманының әңгімесі болсын, тіпті кездескен кісілермен арасындағы болған оқиғалардың өзінің бір тәрбиелік мәні бар әңгімелерін таңнан таңға айтатындай көп-ақ..

Ия, әкенің балаға уақыт тауып, көңіл бөле білуі, әрбір ұсақ сұрақтарына жалықпай жауап беруі,

ӘКЕ БИЛІМІ

нын, әкесі соғыстан аяғынан мүгедек болып оралғандықтан, қарындастары мен анасына қамқорлық көрсету өзіне парыз деп түсінгенін айтатын еді. Жас күніндегі ауылдағы ұлдармен де достығын айта келе, әрдайым кішіпейіл, мейірімді болу керектігін әңгімелейтін. Өсе келе спортқа бейімделіп, қазақша күрес, футбол ойындарына қатысып, неше түрлі жүлделер алған. Әкесі қайтыс болғанда, ауыртылашылық арқалаған анасына деген қамқорлығын, келін әкеліп қуанып көрсеткен екен. Анам болса ауылға оқу бітіріп, фельдшер қызметін атқаруға келіп (ол кезде оқу бітірген соң міндетті екі жыл жұмыс жасау бар болатын), әкеммен көңіл жарастырып, осы шаңыраққа келін болып қалған екен. Екеуі тату-тәтті жанұя болып, үш қыз, екі ұл сүйді. Үйленгеннен кейін екі жылдан соң ғана мені көтеріп, көптен күткен немере болған соң, апам да, әпкелерімде қолдан қолға тигізбей қарапты (әкемнің бір ағасы, төрт қарындасы бар еді, үлкені Балтабай тәтем, Анар әпкем қайтыс болды, қазір шүкір Қалдыкүл, Күланда, Фалия апалар бар).

Есімде, анам үнемі жұмысбасты болатын, бүкіл ауылдың денсаулығын қадағалау қиын екендігін қазір ойлаймын, әкемді шофер етіп ертіп қойшы ауылдарды аралап кететін. Біз апамның қасында қалатынбыз. Су тасу, малға қарау, үй жинауға қолғабыс беретінбіз.

Әкемнің жұмыстан келер уақытын күтетінмін, өйткені әкем әңгімешіл, ертегісі таусылмайтын. Бір жеріміз ауыра қалса, әкем сол жағдайға байланыстырып, бір бала ауырып қалса, су ішкен екен, не нанды маңдайына басып тұрыпты да жазылып кетіпті,-деп айтатын, сен де сөйтіп көрші десе, мен де сол айтқандарды істеп, су ішсем жазылып кеткендей болатынмын. Таң

қалып, әкем сиқыршы болар деп ойлайтынмын. Кез келген біздің сұрағымызға жауабы дайын, жағдаятпен сендіре білетін. Сөйтсем, ғылыми түрде айтқанда жадыма бұйрық беріп сенім күшімен жазылып кетеді екенмін ғой осы күні ойласам. Айтқан әңгімеге имандай сеніп, жалғасын күтіп әкем келте тамақ ішіп болған соң жалғасын айтшы деп қиялатынмын.

Ауылда жел болса болды, жарық сөніп қалатын, бәріміз әкемізді жағалап, әңгіме-ертегі айтшы деп жата қаламыз жан-жағынан қоршап. Ертегіні айта бастағанда жарық жанса, жалғасын күзім айтады деп маған сілтейтін. Мен ойдан құрастыра бастайтынмын. Немесе бәрімізге ертең кешке жалғасын әрқайсың айтасыңдар, кімдікі күшті болады екен деп тапсырма беретін. Бұл жағдай қиялымыздың дамуына, ертеңгі күнімізді армандай білуге, алдымызға мақсат қоюға жетеледі деп ойлаймын.

Таңертең ұйқымыздан ояту үшін әкем домбыраны қолға алып, бас жағымызға келіп небір күйлерді шертіп отыратын, миымызға ұлттық ән-күйлерімізді тоқуға сол жағдай себеп болды ма, бесеуімізде домбыра шертіп, әуелетіп ән салып өстік. Ұлттық музыка құндылықтарын бағалай білдік.

Спортқа жақын еді. Әсіресе, шахматты қатты ойнайды, бәрімізге де шахматты үйретті. Қазір немерелері шахматтан жарысқа барып жатыр.

Отбасымызда ас алдында үлкеннің, яғни, әкемнің бірінші болып бастауын күтіп отыратынбыз және де әкем ас қайырмай дастарханнан тұрмайтын тәртіп бар еді.

Жылда көктемнің жайма шуақ күндерінде отбасымызбен қызғалдақ, жуа теруге табиғат аясына міндетті түрде шығатынбыз, ата-бабамыздың бейітінің басына апарып құран бағыштайтын, мына жерде

қойма меңгерушісі болды, бірақ ауылдағы сол жалғыз қранның ешкім дұрыстап жүргізе алмағандықтан, қайта шофер болды, қысы жазы Бетпақ даланың қойшыларының соңында жүріп құдық суырып беруге апталап кететін. Майын тамызға айтатын әңгімесін асыға күтіп жүреміз. Жазда адасып кетіп, шөл қысқанда жаңбырдың қақ болып құрттап кеткен суын ішкенін, яғни бар нәрсені қанағат тұтып, жағдайдан шығуға шақырса, немесе, айдалада жалғыз ешкі жүргенін, шайтан болар деп, тылсым күштерден сақ болуға, Алладан ғана медет күтуге болатынын әңгімелейтін.

Ауылдағы машинасы барлар үнемі әкеме келіп бұзылған жерін шұқылататын, жоқ темірін үйде бар болса, әкем құрастырып ақысыз жөндеп бере беретін. Тіпті, қосалқы бөлшектерін де беріп жіберетін ақкөңіл кісі. Ауылдан үш шақырым жерге жұмысқа бүкіл ауыл шұбырып жаяу баратын, менің әкемнің «Москвич-412» машинасы бар еді де, жолы адамдарды аузы-мұрнына толтыра салып алып жеткізіп тастайтын, тіпті сыймай қалса, екінші рейске келіп алып кететін, достыққа адал адамды. Бірде кеңес үкіметінің тұсында бір замандасы қайтыс болып, бейіт басында ешкім беттей алмай тұрып қалған тұста отыра қалып, жаназасын оқып, ертеңіне партиялық билетінен айрылып қалғаны барды.

Баяғының әңгімесін айтқанда кітап оқып, не кино көріп отырғандай елестете әңгімелейтін. Үйге келген кісі соңында неге келгенін ұмытып тоқтап, отырып, тыңдап қалатын. Бірде Шымкенттен таксиге ауылға дейін отырған әкем таксист жігіттен ел-ру сұрасып, «өз руыңның тарихын білесің бе?»-деп сұрапты. Әңгіме болсын, жол қысқарсын деген әкем әлгі жігітке шыққан тегінің тарихын әңгімеле-

мейірімділікпен басынан сипауы - бала үшін жұмақта жүргеннен тең екен. Өкініштісі, қазір рухани құндылық емес, материалдық байлық басымы боп тұр. Үлдемен бұлдеге орап, айтқанын әперіп отырсам болды дейтін ата-ана оңбай опық жейді. Себебі, баланың жан дүниесіне қажеті әке-ананың назары мен аялы сөздері ғана. Мейіріммен имандылық көрген баланың жүрегінде қорқаулыққа орын жоқ. Балалық шағымызды мәнді де сәнді еткен қайран әкем барды бағамдай білуге, өткенге салауат айтуға, ұлттық дәстүрімізді дәріптеуге, туған жердің қадірін біліп, сүйіспеншілігімізді арттыруға, үлкенді құрметтеуге, еңбекқорлыққа, кішіні ізеттеуге, армандауды, адалдықты үйреткен екен.

Отбасындағы әкелер мен аналарға айтарым, өз болашағымызды ойласақ /дүние кезек/ қартайғанда ұрпағымыз аяласын, қамқор болсын десек, бүгін өзіміз баламызға сүйіспеншілігімізді аямайық. Демек, балаларымыз бір тұтатын идеялын алыстан емес, өз шаңырағынан іздеп тапсын. Жер бетіндегі әкелердің ішіндегі ең ірісі де, бірегейі де өзіңсің, анамыз айтқандай «Мұндай көркем мінезді кісі жүз жылда бір келетін шығар». Бүгінде әкеміз сексенге келген кемелденген шағында. Аққолтық ауылының батагөй қариясы атанып, немерелерінің қызығына тоймай, сол тәрбиені оларға да беріп отыр. Шаңырағымызды шаттыққа бөлеген асқар тауымыз әкеміз бен анамыздың өмір жасы ұзақ, денсаулығы мықты болсын деп Алладан тілеймін. Бақытты балалық шағым үшін, есейгендегі қажетіме жараған даналығың үшін, кемелді кісілігің-кішілігің-ұлылығың үшін мың алғыс, мың жаса!

Ильмира АЙМУРЗАЕВА,
Кентау қаласы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.